Шығ. № 08/26 от 20 қаңтар 2026 жыл.

Жоғары оқу орнының басшылығына

Құрметті университет басшылығы!

Осы хат арқылы Республикалық қоғамдық бірлестік **«Спорттық бағдарламалау федерациясы»** (бұдан әрі – Федерация) Сізге өз құрметі мен ілтипатын білдіре отырып, білім беру және цифрлық бастамаларды дамытудағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында цифрлық технологияларға деген жоғары қызығушылық пен әлеуетке қарамастан, студенттер мен оқытушылардың олимпиадалық және жарыстық бағдарламалауға тартылу деңгейі жеткіліксіз болып отыр. Осыған байланысты Федерация дарынды қатысушыларды анықтауға және қолдауға, командалардың дайындық деңгейін арттыруға, сондай-ақ тұрақты IT-қоғамдастық қалыптастыруға бағытталған **Қазақстан Республикасының спорттық бағдарламалау бойынша Чемпионатын** іске асыруда.

Чемпионат туралы қысқаша ақпарат:

Мақсатты аудитория (кімдер қатыса алады):

- Студенттер;
- Жоғары оқу орындарының оқытушылары;
- Компания қызметкерлері және бағдарламалауға қызығушылық танытатын барлық ниет білдірушілер.

Өткізу форматы:

Чемпионат бірнеше онлайн іріктеу кезеңдерінен және қорытынды офлайн финалдық кезеңнен тұрады. Аталған кезеңдер аясында қатысушылар алгоритмдік бағдарламалау бойынша есептер шығарып, практикалық дағдыларын көрсетіп, жүлде қоры үшін бәсекеге түседі.

Қорытынды кезеңнің жүлде қоры: 3 000 000 (үш миллион) теңге.

Өткізу кезеңдері:

- бірінші іріктеу кезеңі – **15 ақпан, сағат 12:00 (онлайн);**
- екінші іріктеу кезеңі – **наурыз (онлайн);**
- үшінші іріктеу кезеңі – **мамыр (онлайн);**
- қорытынды офлайн кезең – **шілде (офлайн).**

Тіркелуге арналған сілтеме: https://auth.cpfed.kz/ru/contestRegistration/49/

Қатысушылар үшін мүмкіндіктер мен құндылықтар:

1. Чемпионатқа дайындық үшін жетекші жаттықтырушылардан **тегін онлайн бағдарламалау курстары.**
2. Алгоритмдік ойлау, бағдарламалау, деректер құрылымдарымен жұмыс істеу және **күрделі есептерді шешу дағдыларын дамыту.**
3. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен келген қатысушылармен танысу арқылы **кәсіби және білім беру қауымдастығымен байланыс орнату** мүмкіндігі.
4. **Жаңа мансаптық мүмкіндіктер** — алгоритмдік бағдарламалау жарыстарына қатысу тәжірибесі ірі IT-компанияларда, оның ішінде MAANG деңгейіндегі

халықаралық компанияларда техникалық сұхбаттардан сәтті өтуге ықпал етеді.

Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, **жобаны іске асыруға қолдау көрсетуіңізді,** ал мүмкіндік болған жағдайда ықпал етулеріңізді сұраймыз:

- осы хатты алғаннан кейін Чемпионат туралы ақпаратты Сіздің жоғары оқу орныңызда **таратуға;**
- қолданыстағы коммуникациялық арналар аясында ақпараттық қолдау көрсетуге;

Хатқа қоса қосымша ретінде регламент тіркеліп отыр.

Ынтымақтастығыңыз үшін алғыс білдіреміз және аталған жоба Сіздің өңіріңіздегі оқушылар арасында цифрлық білім беру мен олимпиадалық қозғалысты дамытуға елеулі үлес қосады деп сенеміз.

Құрметпен,
Бас хатшы **Калиаждаров Д.Р.**

Тел.: +7 701 966 20 23
e-mail: admin@cpfed.kz

№1 Қосымша
БЕКІТІЛДІ
«Спорттық бағдарламалау федерациясы» РҚБ Президиумымен
№ 2026/01/19 хаттама, 19.01.2026 жыл

Қазақстан Республикасының спорттық бағдарламалау бойынша Чемпионатының регламенті

1. Терминдер мен анықтамалар.

1.1. «Автоматтандырылған тестілеу жүйесі (АТЖ)» — Чемпионатқа қатысушылардың шешімдерін қабылдау, компиляциялау, іске қосу және тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешен. Осы Регламентте «АТЖ» және «АТС» терминдері тең мағынада қолданылады.
1.2. «Жасанды интеллект (ЖИ)» — бағдарламалық кодты және алгоритмдік шешімдерді генерациялау, талдау немесе түрлендіру үшін арналған бағдарламалық құралдар, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) ChatGPT, Gemini, Claude және өзге де ұқсас құралдар.
1.3. «Апелляция» — Чемпионат қатысушысының шешімдерді тексеру нәтижелерімен немесе қолданылған санкциялармен дәлелді түрде келіспеушілігін білдіретін жазбаша өтініші.
1.4. «Техникалық ақау» — Техникалық комитет растаған автоматтандырылған тестілеу жүйесінің, желілік инфрақұрылымның немесе серверлік ресурстардың уақытша жұмыс істемеуі.

2. Жалпы ережелер.

2.1. Осы Қазақстан Республикасының спорттық бағдарламалау бойынша Чемпионатын өткізу регламенті (бұдан әрі – «Чемпионат») 2025–2026 жылдарға арналған Чемпионатқа қатысу қағидаларын, оны ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айқындау тәртібін белгілейді.
2.2. Чемпионатқа 14 жасқа толған және одан жоғары Қазақстан Республикасының азаматтары мен резиденттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы орта, кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарында оқитын Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғалар қатыса алады (қорытынды офлайн кезеңге өткен жағдайда растайтын құжаттарды ұсыну талап етіледі).
2.3. Федерация және Чемпионаттың Техникалық комитеті келесі жағдайларда қатысушыларды дисквалификациялауға және (немесе) жекелеген есептер бойынша олардың ұпайларын жоюға құқылы:
– қатысушының осы Регламентті немесе Чемпионат туралы Ережені бұзуы;
– Чемпионат барысында конкурс есептерінің шешімдерін алу, генерациялау, оңтайландыру немесе өзгерту мақсатында жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, Gemini, Claude және өзге де AI-құралдар), оның ішінде бағдарламалық кодты, алгоритмдерді немесе шешу логикасын генерациялау үшін пайдалануы;
– автоматтандырылған тестілеу жүйесінде бірнеше логинді және/немесе бөгде логинді қолдануы;
– автоматтандырылған тестілеу жүйесінің жұмысына кедергі келтіруге әрекет жасауы;

– қатысушы тарапынан кез келген заңға қайшы әрекеттердің орын алуы;
– Чемпионаттың тиісті кезеңі аяқталғанға дейін есептердің шешімдерін интернет желісінде жариялау немесе талқылау;
– басқа қатысушының шешімін (тіпті ол өзгертілген немесе толықтырылған болса да) өз логині арқылы автоматтандырылған тестілеу жүйесіне жіберу;
– өз шешімін басқа қатысушыларға беру, оның ішінде қасақана емес түрде де.

2.4. Осы Регламентте көзделмеген даулы жағдайлар туындаған кезде Федерация спорттық бағдарламалау бойынша халықаралық жарыстарды өткізу тәжірибесіне сүйене отырып шешім қабылдауға құқылы.

2.5. Қатысушыны дисквалификациялау немесе оның нәтижелерін жою туралы шешім Чемпионаттың Техникалық комитетімен қабылданады.

2.6. Санкциялар қолданудың негізі автоматтандырылған тестілеу жүйесінің логтарымен, техникалық бақылау құралдарымен немесе өзге де объективті дәлелдермен расталған бұзушылық фактісі болып табылады.

2.7. Қатысушы қолданылған санкциялар туралы электрондық пошта арқылы немесе автоматтандырылған тестілеу жүйесі арқылы хабардар етіледі.

2.8. Санкцияларды қолдану қатысушыны осы Регламентте көзделген тәртіппен апелляция беру құқығынан айырмайды.

3. Чемпионатты өткізу тәртібі.

3.1. 2025–2026 маусымында Чемпионат 4 кезеңде өткізіледі:
– бірінші онлайн іріктеу кезеңі;
– екінші онлайн іріктеу кезеңі;
– үшінші онлайн іріктеу кезеңі;
– қорытынды офлайн кезең.

3.2. Чемпионат кезеңдерінің нақты өткізу мерзімдері, жарыс кестесі мен ұзақтығы Федерацияның шешімімен белгіленеді және Федерацияның әлеуметтік желілерінде және/немесе Чемпионаттың ресми интернет-ресурсында жарияланады: **cpfed.kz** (бұдан әрі – «Интернет-ресурс»).

3.3. Чемпионаттың барлық іс-шараларының басталу және аяқталу уақыты Астана қаласы орналасқан уақыт белдеуі бойынша көрсетіледі және UTC +5 уақытына сәйкес келеді.

4. Чемпионатты өткізу тәртібі.

4.1. Чемпионат аясында бағдарламалау бойынша есептер ұсынылады. Есептер жоғары ғылыми мазмұн деңгейімен ерекшеленеді және оларды орындау үшін әртүрлі алгоритмдерді білу, оларды әртүрлі деректер құрылымдарын және математиканы қолдана отырып тиімді жүзеге асыра білу талап етіледі.

4.2. Чемпионат кезеңдерінің әр турында қатысушыларға 6-дан 10-ға дейін есеп ұсынылады. Турдың ұзақтығы 3-тен 5 астрономиялық сағатқа дейін болады. Турлардағы есептердің саны мен ұзақтығын Техникалық комитет айқындайды. Әр турдың нәтижелері тур аяқталғаннан кейін екі апта ішінде Интернет-ресурста жарияланады.

4.3. Есептің шешімі C/C++, Java, Python, Pascal бағдарламалау тілдерінің бірінде жазылған бағдарлама болып табылады (әртүрлі есептерді әртүрлі бағдарламалау тілдерінде шешуге рұқсат етіледі, тілдер тізімі кеңейтілуі мүмкін). Рұқсат етілген бағдарламалау тілдерінің

және қолданылатын трансляторлардың толық тізбесін Федерация мен Техникалық комитет бірлесіп айқындайды. Бағдарлама стандартты жиынтыққа кірмейтін қосымша модульдерді, файлдарды және сыртқы кітапханаларды қамтымауы тиіс.

4.4. Есептерді тексеру автоматтандырылған тестілеу жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама Техникалық комитет алдын ала дайындаған тестілер жиынтығында іске қосылады. Бағдарламаның жұмыс уақыты мен жедел жадты пайдалану көлеміне шектеулер қойылады.

4.5. Қатысушы өз шешімдерін дайын болған сайын автоматтандырылған тестілеу жүйесіне жібереді. Тексеру аяқталғаннан кейін қатысушыға тестілеу нәтижелері көрсетіледі.

4.6. Барлық тестілерден өткен шешім қабылданған болып есептеледі. Барлық тестілерден өтпеген (жартылай) шешімдер бағаланбайды.

4.7. Нәтижелер кестесінде шешілген есептер саны көп қатысушы жоғары орын алады. Шешілген есептер саны бірдей болған жағдайда жалпы айып уақыты аз қатысушыға басымдық беріледі. Айып уақыты шешілген есеп үшін тур басталған сәттен есеп тапсырылғанға дейінгі минуттар санына және әрбір сәтсіз тапсыру әрекеті үшін 20 айып минутын қосу арқылы есептеледі.

4.8. Есеп шарттарына қатысты сұрақтар автоматтандырылған тестілеу жүйесі арқылы қойылады. Сұрақтар «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беруге болатындай түрде қойылуы тиіс.

4.9. Іріктеу кезеңдерінің нәтижелері бойынша апелляциялар іріктеу кезеңі өткеннен кейін бір күнтізбелік күн ішінде **admin@cpfed.kz** электрондық поштасына қабылданады. Қорытынды кезең бойынша апелляция тур аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде жазбаша түрде Техникалық комитетке ұсынылады.

4.10. Апелляциялар Техникалық комитетпен 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады. Апелляция бойынша қабылданған шешім жазбаша түрде рәсімделеді және түпкілікті болып табылады.

5. Чемпионат ұпайларын есептеу және қорытынды кезеңге іріктеу тәртібі

5.1. Әрбір іріктеу кезеңінде қатысушыларға ұпайлар есептеледі. Ұпайлар келесі формула бойынша анықталады: 100*(solved/max_solved)*(participants-1)/(participants+rank-2) + GP100, мұндағы:

solved – іріктеу кезеңінде шешілген есептер саны;

max_solved – іріктеу кезеңінде бірінші орын алған қатысушының шешкен есептер саны;

participants – іріктеу кезеңіне қатысушылар саны;

rank – іріктеу кезеңіндегі нәтиже кестесіндегі орын;

GP100 – осы Регламентке №1 Қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес берілетін ұпайлар.

5.2. Қатысушының үш іріктеу кезеңіндегі ең үздік екі нәтижесі бойынша жинаған ұпайлары қосылып, Чемпионаттың рейтингтік кестесі қалыптастырылады.

5.3. Іріктеу кезеңдерінің рейтингі нәтижелері бойынша Федерация мен Чемпионаттың Техникалық комитеті қорытынды кезеңге өтуге қажетті шекті ұпай санын бекітеді және қорытынды кезең қатысушыларының тізімін жариялайды.

5.4. Іріктеу кезеңдерінің рейтингі нәтижелері бойынша үздік 32 қатысушы қорытынды кезеңге қатысуға жіберіледі.

5.5. Рейтинг нәтижелері бойынша (үздік 32 қатысушыны есепке алмағанда) Солтүстік, Батыс, Орталық-Шығыс және Оңтүстік өңірлердің әрқайсысынан үздік 2 қатысушы қорытынды кезеңге жолдама алады.
5.6. Батыс өңірге: Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары; Солтүстік өңірге: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстары; Орталық-Шығыс өңірге: Ұлытау, Қарағанды, Абай, Шығыс Қазақстан облыстары; Оңтүстік өңірге: Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстары және республикалық маңызы бар Шымкент қаласы кіреді. Республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары өңірлерге кірмейді.
5.7. Қатысушының Чемпионат өңіріне тиесілігі оның оқу орнының немесе жұмыс орнының орналасқан жеріне қарай анықталады. Қашықтан оқыту жағдайында немесе жұмыс орны болмаған кезде өңірлік тиесілілік қатысушының тіркелген мекенжайы бойынша немесе ұсынылған құжаттар негізінде Техникалық комитеттің шешімімен айқындалады.

6. Техникалық ақаулар

6.1. Қатысушының турға қатысу мүмкіндігіне әсер еткен техникалық ақау орын алған жағдайда, Техникалық комитет келесі шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:
– тур уақытын ұзарту;
– тур нәтижелерін толық немесе ішінара жарамсыз деп тану;
– турды қайта өткізу.
6.2. Федерация қатысушының жабдығына, бағдарламалық қамтамасыз етуіне немесе байланыс арналарына байланысты туындаған техникалық мәселелер үшін жауапты болмайды.
6.3. Техникалық ақаудың бар-жоғы туралы Техникалық комитет қабылдаған шешім түпкілікті болып табылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Регламенттің ережелері мен Чемпионатқа қатысты өзге ақпараттық материалдар арасында қайшылықтар болған жағдайда, осы Регламенттің нормалары басымдыққа ие болады. Чемпионат барысында қабылданған Техникалық комитет шешімдері мен Регламент ережелері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Техникалық комитеттің шешімдері басымдыққа ие болады.
7.2. Федерация келесі жағдайлар үшін жауапкершілік алмайды:
– қатысушының деректерін жоғалтуы;
– Федерацияға тәуелсіз себептер бойынша қатыса алмауы;
– жанама залалдар, жіберілген пайда және өзге де тікелей емес шығындар.
7.3. Федерация осы Регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзгерістер Федерацияның ресми интернет-ресурсында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

№1 Қосымша
Қазақстан Республикасының спорттық бағдарламалау бойынша
Чемпионатының регламентіне

Орын	Ұпайлар	Орын	Ұпайлар	Орын	Ұпайлар	Орын	Ұпайлар	Орын	Ұпайлар
1	100	21	19.8	41	11.6	61	6.8	81	3.1
2	70.6	22	19.2	42	11.3	62	6.6	82	2.9
3	57.5	23	18.6	43	11	63	6.3	83	2.7
4	49.7	24	18.1	44	10.7	64	6.2	84	2.6
5	44.3	25	17.6	45	10.5	65	6	85	2.4
6	40.3	26	17.1	46	10.2	66	5.8	86	2.2
7	37.1	27	16.6	47	9.9	67	5.6	87	2.1
8	34.6	28	16.1	48	9.7	68	5.4	88	1.9
9	32.5	29	15.7	49	9.4	69	5.2	89	1.7
10	30.7	30	15.3	50	9.2	70	5	90	1.6
11	29.1	31	14.9	51	9	71	4.8	91	1.4
12	27.7	32	14.5	52	8.7	72	4.6	92	1.3
13	26.5	33	14.2	53	8.5	73	4.5	93	1.1
14	25.4	34	13.8	54	8.3	74	4.3	94	1
15	24.4	35	13.5	55	8	75	4.1	95	0.8
16	23.5	36	13.1	56	7.8	76	3.9	96	0.7
17	22.6	37	12.8	57	7.6	77	3.7	97	0.5
18	21.8	38	12.5	58	7.4	78	3.6	98	0.4
19	21.1	39	12.2	59	7.2	79	3.4	99	0.2
20	20.4	40	11.9	60	7	80	3.2	100	0.1